**СИЛЛАБУС**

**«8D01801- Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» білім беру бағдарламасы**

**2023-2024 оқу жылының күзгі семестрі**

| Пәннің ID және атауы | Білім алушының өздік жұмысы (МӨЖ) | Кредиттер саны | | | Кредит-тердің жалпы саны | Оқытушының жетекшілігімен білім алушының өздік жұмысы (ОБӨЖ) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Дәрістер (Д) | Семинар сабақтар (СС) | Зерт. сабақтар (ЗС) | | |
| **DNOSIS7301** Рухани- адамгершілік білім беру және өзін-өзі тану:тарихтан қазірге дейін | 5 | 15 | 30 | | 5 | 5 |

| Оқыту түрі | Циклі, компоненті | Дәрістің түрі | Семинар сабақтарының түрлері | Қорытынды бақылаудың түрі мен платформасы |
|---|---|---|---|---|
| **Офлайн** | БП (П) | Кіріспе, шолу, проблемалық, аналитикалық | Топтық, жұптық, жағдаяттық, тренингтік, жобалау т.б. | Ауызша емтихан Офлайн, «UNIVER» жүйесі |
| **Дәріскер** | Әрінова Бақыт Айтуқызы | | | |
| **Ассистент** | Әрінова Бақыт Айтуқызы | | | |
| **e-mail:** | baxit-a@mail.ru | | | |
| **Телефон:** | +7 7015396777 | | | |

**ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ**

| Пәннің мақсаты | Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН)* | ОН қол жеткізу индикаторлары (ЖИ) |
|---|---|---|
| Болашақ педагог мамандарға «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының қалыптасу және даму кезеңдері туралы тарихи тұрғыда түсінік беру;пәнді оқытудың әдіснамалық, теориялық мәселелерін талдау; олардың бойында ізгілікті білімдер және практикалық іскерліктердің тиімді жүйесін қалыптастыру | 1.Қазақстан Республикасындағы рухани-адамгершілік білім беру мәселесінің ғылыми-теорияық негіздерін, тарихи даму аспектілерін білу; руханилық және адамгершілік мәселесінің шетелдік зерттеулерде мазмұндық-құрылымдық талдануы туралы түсінік бере алу. | 1.1 «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру мәселесінің ғылыми- теориялық, әдіснамалық және әдістемелік негіздерін талдайды;<br>1.2 Рухани-адмагершілік білім берудің тарихи кезеңдерін жіктеп айта алады;<br>1.3 «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасының идеяларын интеграциялаудың теориясы мен тәжірибесіне түсініктеме береді. 1.4«Өзін- өзі тану пәнін оқыту үдерісіне ендірудің әдіснамалық-теориялық тұғырларын біледі. |
| | 2. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының психологиялық-педагогикалық негіздерін, қазіргі білім беруді ізгілендірудің жаңа парадигмалары мен тұғырларын, өзін-өзі танудың аксиологиялық-құндылықтық бағдарын білу. | 2.1 «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының аксиологиялық негіздерін, жалпыадамзаттық құндылықтарды ғылыми негіздеп түсіндіре алады;<br>2.2 Рухани-адамгершілік білім берудің тарихи кезеңдерін ,тарихи генезисін жіктеп айта алады;<br>2.3 Рухани құндылықтардың гуманистік сипатын педагогикалық тұрғыдан дәйектейді;<br>2.4 Шығыс дүниетанымындағы рухани-адамгершілік құндылықтардың өзін-өзі танудағы мәнін зерделей алады;<br>2.5 Қазақ дүниетанымындағы руханилық пен адамгершілік идеяларының тарихи генезисін түсіндіре біледі. |

| | | |
|---|---|---|
| | 3. «Өзін-өзі тану» пәнінің білім беру бағдарламаларының мазмұндық- құрылымын талдау; жалпы орта білім беретін мектептегі «Өзін-өзі тану» пәнінің білім мазмұны (бастауыш және негізгі деңгей 5-9 , 10-11 сыныптар ) және пәнді оқыту барысында қалыптасатын құзіреттіліктерді анықтау. | 3.1 Жоғары оқу орындарындағы базалық пәндер бойынша алған теориялық білімдерін практикалық тәжірибеде колдана біледі;<br>3.2 Ғылыми еңбектердегі ой-пікірлерге сәйкес «РАББ» жаңартылған мазмұнының теориялық негіздерін талдап түсіндіреді;<br>3.3 «Рухани жаңғыру» жағдайындағы рухани-адамгершілік білім беру және ізгілік педагогикасы бойынша өзіндік тұжырым жасайды. 3.4 Пәнді оқу барысында алған ғылыми білімдерін практикалық бағытта қолдануға қабілеттілік танытады. |
| | 4. «Өзін-өзі тану» пәні мұғалімінің педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті туралы теориялық түсінік қалыптастыру; болашақ әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану мұғалімдерін дайындаудың гуманистік бағыттарын айқындау, «Өзін өзі тану» мұғалімінің кәсіби сапаларының дамуындағы рухани-адамгершілік құндылықтарды талдау | 4.1 «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламаларының мазмұндық- құрылымын жүйелі түрде талдай алады;<br>4.2 Тұлғааралық қарым-қатынаста ізгілікті педагогика шарттарын ұстанып, педагогикалық қарым-қатынас мәдениетін көрсетеді;<br>4.3 Өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі бағалау , ішкі белсенділігі мен дербестігін көрсете біледі, өз шешімдеріне жауапкершілікпен карауға мүдделі бола алады;<br>4.4 Педагогикалық қарым-қатынас мәдениетін рухани-адамгершілік тұрғыда дұрыс қолданады;<br>4.5 Өзін-өзі тану мұғаліміне тән ізгі қасиеттерді жіктейді, оқу және оқудан тыс іс-әрекеттердегі рухани-адамгершілік білім беру мониторингін жасай алады. |
| | 5. Пән бойынша орындалатын жазба жұмыстарының әдістемелік талаптарын меңгерту; өзін-өзі тану нәтижелерін, оқу жетістіктерін анықтауға үйрету ; өздік жұмыстарды орындауда эссе, баяндама, шығарма, реферат жоспарлап жаза білу. | 5.1 Пәннің теориялық мәселелерін талдауда және практикалық семинар сабақтарында өзін-өзі жүзеге асыруға қажетті құзыреттіліктерді қолдана алады;<br>5.2Пән бойынша орындалатын жазба жұмыстарының әдістемелік талаптарын біледі, орынды қолданады;<br>5.3 Топта, командада жұмыс жасайды, ұжымдық әрекетке түсе алады;<br>5.4 Эссе, баяндама, шығарма, реферат, конспект жоспарлап жазу жұмыстарын шығармашылық тұрғыда орындай алады. |
| **Пререквизиттер** | Өзін-өзі танудың теориялық – әдіснамалық негіздері | |
| **Постреквизиттер** | Өзін- өзі танудың қазіргі тұжырымдамалары | |
| **Оқу ресурстары** | **Оқу әдебиеттері:**<br>1. Рысбаева А.Қ, Жұмабекова Ф.Н., Омарбекова А.И. Өзін-өзі тану. Оқулық. Фолиант. Астана. 2019. – 326 б<br>2. Шалғынбаева Қ.Қ, Жұмабекова Ф.Н., Омарбекова А.И. Өзін-өзі танудың теориялық әдістемелік негіздері. Астана. Фолиант.2019.250 б.<br>3. Әрінова Б.А. «Өзін өзі тану» пәнін оқыту әдістемесі. Алматы: Қазақ университеті, 2018.- 172 б.<br>4. Мұқажанова Р.А., Омарова Г.А., Әкімбаева Ж.Ж., Хожамұратова С. Г. Жалпыадамзаттық құндылықтар (5-7сынып) Мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал. / – Алматы, «Бөбек» ҰҒПББСО, 2014-132 б.<br>5. Амонашвили Ш.А. Основы гуманной педагогики. Кн. 1,2. Как любить детей.-М.: Амрита-Русь, 2012<br>6. Майғаранова Ш., Муратханова Р.Адамзаттың рухани мұрасы. –Алматы, «Бөбек», 2014.- 130б.<br>7. Тренерлер үшін нұсқаулық. Мұғалімдер үшін оқу әдістеимелік құрал.ҰҒПББСО «Бөбек» 2015.-96 .<br>8. Методика преподавания предмета «Самопознание». Учебное пособие/ А. А.Карабутова, Н.А. Анарбек, Г. И.Калиева . Нур-Султан: Некоммерческое акционерное общество «Talap», 2020 – 294 с.<br><br>**Интернет-ресурстар**<br><br>http://ozin-ozi-tanu.kz/ «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілікке оқыту мен тәрбиелеудің ғылыми білім беру порталы | |

| | |
|---|---|
| **Пәннің академиялық саясаты** | Пәннің академиялық саясаты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Академиялық саясатымен және академиялық адалдық Саясатымен айқындалады.<br>Құжаттар Univer ИЖ басты бетінде қолжетімді.<br>**Ғылым мен білімнің интеграциясы.** Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы – бұл оқу үдерісінің тереңдетілуі. Ол тікелей кафедраларда, зертханаларда, университеттің ғылыми және жобалау бөлімшелерінде, студенттік ғылыми-техникалық бірлестіктерінде ұйымдастырылады. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың өзіндік жұмысы заманауи ғылыми-зерттеу және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білім алу негізінде зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Зерттеу университетінің оқытушысы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін дәрістер мен семинарлық (практикалық) сабақтар, зертханалық сабақтар тақырыбында, силлабустарда көрініс табатын және оқу сабақтары мен тапсырмалар тақырыптарының өзектілігіне жауап беретін ОБӨЗ, БӨЗ тапсырмаларына біріктіреді.<br>**Сабаққа қатысуы.** Әр тапсырманың мерзімі пән мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.<br>**Академиялық адалдық.** Практикалық/зертханалық сабақтар, БӨЖ білім алушының дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылығын дамытады. Плагиат, жалғандық, шпаргалка пайдалану, тапсырмаларды орындаудың барлық кезеңдерінде көшіруге жол берілмейді. Теориялық оқыту кезеңінде және емтихандарда академиялық адалдықты сақтау негізгі саясаттардан басқа «Қорытынды бақылауды жүргізу Ережелері», «Ағымдағы оқу жылының күзгі/көктемгі семестрінің қорытынды бақылауын жүргізуге арналған Нұсқаулықтары», «Білім алушылардың тестілік құжаттарының көшіріліп алынуын тексеру туралы Ережесі» тәрізді құжаттармен регламенттеледі.<br>**Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері.** Университеттің білім беру ортасы гендерлік, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, студенттің физикалық денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы тарапынан барлық білім алушыларға және білім алушылардың бір-біріне әрқашан қолдау мен тең қарым-қатынас болатын қауіпсіз орын ретінде ойластырылған. Барлық адамдар құрдастары мен курстастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Барлық студенттер үшін жетістікке жету, мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығы болып табылады. Әртүрлілік өмірдің барлық жақтарын күшейтеді.<br>Барлық білім алушылар, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар, телефон/e-mail baxit-a@mail.ru немесе MS Teams-тегі бейне байланыс арқылы кеңестік көмек ала алады.<br>**MOOC интеграциясы (massive openlline course). MOOC**-тың пәнге интеграциялануы жағдайында барлық білім алушылар **MOOC**-қа тіркелуі қажет. **MOOC** модульдерінің өту мерзімі пәнді оқу кестесіне сәйкес қатаң сақталуы керек.<br>**Назар салыңыз!** Әр тапсырманың мерзімі пәннің мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген, сондай-ақ **MOOC**-та көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі. |

**БІЛІМ БЕРУ, БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ**

**Оқу жетістіктерін есептеудің баллдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі**

| Баға | | Баллдардың сандық баламасы | Дәстүрлі жүйедегі баға |
|---|---|---|---|
| A | 4,0 | 95-100 | Өте жақсы |
| A- | 3,67 | 90-94 | |
| B+ | 3,33 | 85-89 | Жақсы |
| B | 3,0 | 80-84 | |

**Бағалау әдістері**

**Критериалды бағалау** – айқын әзірленген критерийлер негізінде оқытудың нақты қол жеткізілген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен ара салмақтық процесі. Формативті және жиынтық бағалауға негізделген.

**Формативті бағалау** – күнделікті оқу қызметі барысында жүргізілетін бағалау түрі. Ағымдағы көрсеткіш болып табылады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді. Білім алушының мүмкіндіктерін айқындауға, қиындықтарды анықтауға, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуге, оқытушының білім беру процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар (пікірталастар, викториналар, жарыссөздер, дөңгелек үстелдер, зертханалық жұмыстар және т.б.) кезінде тапсырмалардың орындалуы, аудиториядағы жұмыс белсенділігі бағаланады. Алынған білім мен құзыреттілік бағаланады.

**Жиынтық бағалау** – пән бағдарламасына сәйкес бөлімді зерделеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін бағалау түрі. БӨЖ орындаған кезде семестр ішінде 3-4 рет өткізіледі. Бұл оқытудан күтілетін нәтижелерін игеруді дескрипторлармен арақатынаста бағалау. Белгілі бір кезеңдегі пәнді меңгеру деңгейін анықтауға және тіркеуге мүмкіндік береді. Оқу нәтижелері бағаланады.

| Формативті және жиынтық бағалау | % мәндегі баллдар |
|---|---|

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| B- | 2,67 | 75-79 | | Дәрістердегі белсенділік | |
| C+ | 2,33 | 70-74 | | Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі | 25 |
| C | 2,0 | 65-69 | Қанағаттанарлық | Өзіндік жұмысы | 25 |
| C- | 1,67 | 60-64 | | | |
| D+ | 1,33 | 55-59 | | Жобалық және шығармашылық қызметі | 10 |
| D | 1,0 | 50-54 | | | |
| FX | 0,5 | 25-49 | Қанағаттанарлықсыз | Қорытынды бақылау (емтихан) | 40 |
| F | 0 | 0-24 | | ЖИЫНТЫҒЫ | 100 |

**Оқу курсының мазмұнын іске асыру күнтізбесі (кестесі). Оқытудың және білім берудің әдістері.**

| Апта | Тақырып атауы | Сағат саны | Макс. балл |
|---|---|---|---|
| **Модуль 1 «ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ» РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ** | | | |
| 1 | **Д 1. Д 1.** «Рухани- адамгершілік білім беру және өзін- өзі тану: тарихтан қазіргі дейін» пәнінің құрылымдық-мазмұндық жүйесі | 1 | |
| | **СС1.**РАББжӨӨТ пәнінің мақсаты мен міндеттері және оқыту талаптары | 2 | 7 |
| 2 | **Д 2.** Өзін-өзі танудың философиялық негіздері: таным және көзқарас | 1 | |
| | **СС 2.** Жеке тұлғалық, қоғамдық, экологиялық дағдарыстардың жаһандық сипаты және тұлғаның рухани- адамгершілік даму кеңістігін ізгілендіруге ықпалы | 2 | 7 |
| | **ДОӨЖ 1.** ДӨЖ 1 орындау бойынша кеңес беру. | | |
| 3 | **Д 3.** «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының психологиялық-педагогикалық негіздері | 1 | |
| | **СС 3.** Қазіргі білім беруді ізгілендірудің жаңа парадигмалары мен тұғырлары | 2 | 7 |
| | **ДӨЖ 1.**<br>1. Абай шығармаларындағы оқу- білім және адамгершілік тәрбиесі<br>2. Ш. Құдайбердіұлының іліміндегі руханилық мәселесі және ар-ұждан туралы ойлар (көрсетілген екі тақырыптың бірін таңдап, эссе жазу) | | 25 |
| 4 | **Д 4.** Өзін-өзі танудың аксиологиялық-құндылықтық бағдары: Шығыс дүниетанымындағы рухани-адамгершілік құндылықтардың өзін-өзі танудағы мәні | 1 | |
| | **СС 4.** Адамзаттың рухани мұрасы рухани - адамгершілік білім беру құралы | 2 | 7 |
| 5 | **Д 5.** Қазақ дүниетанымындағы руханилық пен адамгершілік идеяларының тарихи генезисі: халық даналығы және ұрпақ тәрбиесі | 1 | |
| | **СС 5.** Ұлттық құндылықтардың «Өзін-өзі тану» РАББ мазмұнындағы орны | 2 | 7 |
| | **ДОӨЖ 2.**Қазіргі білім беру және тәрбие туралы пікір алмасу | | |
| | **2 МОДУЛЬ. ҚР ЖАЛПЫ ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІ** | | |
| 6 | **Д 6** Қазақстан Республикасындағы рухани-адамгершілік білім беру мәселесі: тарихи аспект | 1 | |
| | **СС 6.** Бөбек» ҰҒПББСО қор ретінде құрылуының тарихи тарихы | 2 | 7 |
| 7 | **Д 7** «Өзін-өзі тану» пәнінің оқыту үдерісіне ендірілуі: тарихи аспект | 1 | |
| | **СС7** «Рухани жаңғыру» жағдайындағы рухани-адамгершілік білім беру және ізгілік педагогикасы | 2 | 8 |
| | **ДӨЖ 2.**<br>**1.** ҚР рухани-адамгершілік білім беру және өзін-өзі тану мәселесінің тарихи аспектілері.<br>**2.** Жаһандану заманындағы РАББ салыстырмалы талдау (презентация) | | 25 |
| | **АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ** | | **100** |
| 8 | **Д 8.** «Өзін-өзі тану» пәнінің ЖМББС және оқу бағдарламалары | 1 | |
| | **СС8.** Жалпы орта білім беретін мектептегі «Өзін-өзі тану» пәнінің білім мазмұны (бастауыш және негізгі деңгей 5-9 , 10-11 сыныптар ) | 2 | 7 |
| | **ДОӨЖ3.** Тапсырмалар бойынша МӨЖ 3 кеңес беру | | |
| 9 | **Д 9.** Жаңартылған білім мазмұны жағдайындағы «ӨӨТ» пәнінің мазмұны | 1 | |
| | **СС9.** «Өзін-өзі тану» пәнінің электронды оқулықтары және ОӘК | 2 | 7 |
| 10 | **Д 10.** Жалпыадамзаттық құндылықтар - «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру мазмұнының негізі | 1 | |
| | **СС10.** Мектептегі «Өзін-өзі тану» пәнінің оқулықтары мен ОӘК енгізілу тарихы: кезеңдік талдау | 2 | 7 |
| | **ДӨЖ3** «Жаһандық құзыреттер» пәнінің ендірілуін теориялық талдау (презентация түрінде қорғау ) | | **20** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **3 МОДУЛЬ. ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ӨЗІН- ӨЗІ ТАНУ МҰҒАЛІМДЕРІН КӘСІБИ ДАЯРЛАУ** | | |
| 11 | **Д 11** Жоғары оқу орындарындағы рухани-адамгершілік білім берудің ғылыми-әдістемелік негіздері | 1 | |
| | **СС 11.** ЖОО «Өзін-өзі тану» мұғалімдерін даярлау мәселесі | 2 | 7 |
| 12 | **Д 12.** ҚР ЖОО РАББжӨӨТ бойынша оқу курсының мазмұнын құрылымдау. Типтік оқу жоспары және оқу бағдарламалары | 1 | |
| | **СС 12.** ЖОО РАББжӨӨТ бойынша базалық және элективті оқу пәндерін енгізудің әдіснамалық негіздері | 2 | 7 |
| | **МОӨЖ4.** Жалпы білім беретін мектептердегі «Өзін-өзі тану» пәнінің оқулықтары және ОӘК тарихи кезеңдер бойынша салыстырмалы талдау | | |
| | **ДӨЖ4** (жоба құрастыру )<br>1. «Өзін-өзі тану» пәні мұғалімінің педагогикалық қарым-қатынасы<br>2. Болашақ кәсіби мамандарды дайындаудың гуманистік бағыттары. | | 15 |
| 13 | **Д 13.** «Өзін- өзі тану» мұғалімінің кәсіби сапаларының дамуындағы рухани- адамгершілік құндылықтар жүйесі | 1 | |
| | **СС 13.** «Әлеуметтік педагог және өзін-өз тану мұғалімі» мамандығының педагогикалық мамандықтар жүйесіндегі орны | 2 | 5 |
| | **ДОӨЖ5.** Тапсырманы орындау бойынша кеңес беру, теориялық-әдістемелік талдауға машықтандыру | | |
| 14 | **Д 14.** «Өзін-өзі тану» пәнін мектепте -колледжде - ЖОО-да оқытудың құрылымдық-мазмұндық және әдістемелік аспектілері | 1 | |
| | **СС14** ЖОО арналған «Өзін-өзі тану» пәнінің оқулықтары және ОӘК тарихи кезеңдер бойынша салыстырмалы талдау | 2 | 5 |
| | **ДӨЖ5** Қазіргі студент жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесі (әл-Фараби, Абай және Шәкәрімнің адамгершілік, құндылық, ізгілік пен парасат туралы ойлары негізінде жоба құрастыру ) | 1 | |
| 15 | **Д 15** Болашақ педагогтің кәсіби өзіндік дамуға және педагогикалық іс- әрекеттегі кедергілерді жеңуге деген қабілеттілігі | 2 | 5 |
| | **СС 15** Мұғалімнің педагогикалық шеберлік тұрғысынан рухани-адамгершілік сапалары және құзыреттіліктері | | **15** |
| **Аралық бақылау 2** | | | **100** |
| **Қорытынды бақылау (емтихан)** | | | **100** |
| **Пән бойынша барлығы** | | | **100** |

**Декан** ________________________________ **Мейірбаев Б.Б.**

**Кафедра меңгерушісі** ________________________ **Әлқожаева Н.С.**

**Дәріскер** ________________________________ **Әрінова Б.А.**